

Алматы қаласы
«№4 қалалық
перзентхана» ШЖҚ МКК
Бас дәрігер

_____З.Б.Донбаева

Корпоративтік әдеп кодексі

Корпоративтік әдеп кодексі (ары қарай – кодекс) кәсіби медициналық қызметті көрсету кезінде медициналық-әлеуметтік қызметкердің этикалық нормалары мен мінез-құлық қағидаттарының жиынтығын айқындайтын құжат. Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің (184 бап, 31 тармақ) негізінде құрастырылды.

Кодекс медицина қызметкерлері, қоғам және пациент арасындағы қарым-қатынасты анықтайды және жеке адамның мен жалпы қоғамның құқықтарын, қадір-қасиетін, денсаулығын қамтамасыз етуге бағытталған. Сондай-ақ медицина қызметкерінің қоғам алдындағы жоғары моральдық жауапкершілігін анықтайды.

Жалпы ереже

Корпоративтік әдеп кодексі медицина және әлеуметтік қызметкерлердің азаматтар мен қоғам алдындағы жауапкершілігін анықтайды.

Денсаулық сақтау қызметкерлері қызмет бабында төмендегідей моральдық және әдеп принциптерін басшылыққа алу қажет:

- Қазақстан Республикасы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодекс және Ар намыс Кодексін басшылыққа алу;
- ҚР азаматтарының денсаулықтарын нығайтуға ықпал ету;
- Емделуші мүддесіне қарай шешім қабылдау;
- ҚР денсаулық сақтау қызметкерінің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерді болдырмау;
- Қызметтік міндеттерді саналы және сапалы түрде орындау;
- Кәсіптік білімін үнемі жетілдіріп отыру;
- Жеке пайданы көздеуді басшылыққа ала отырып, емдеу құралдары мен әдістерін жарнамалауға жол бермеу;
- Қызметтік тәртіпке қатаң бағыну;
- Денсаулық сақтау мекемесінің мүлкін мұқият және тиімді пайдалану;
- Сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру;
- Қызметтік ақпаратты жеке мақсатта қолдануға жол бермеу;

- Ұжымда төзімді және позитивті моральды-психологиялық ортаны қалыптастыруға атсалысу;
- Басқа медициналық және фармацевтикалық қызметкерлер тарапынан Ар-намыс Кодексі ережелерін бұзатын фактілердің орын алуына жол бермеу;
- Қызметтік міндеттерді орындау кезінде бекітілген киім формасын сақтау.

Денсаулық сақтау қызметкерлері емделушімен қарым қатынаста мына ережелерді сақтау қажет:

- Адамның жасы, жынысы, ұлты, діні, азаматтығы, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына қарамастан кез келген жағдайда құқығы мен ар-намысын сақтау;
- Медициналық көмекке мұқтаж әрбір адамға жәрдемдесу;
- Адамзат өмірін сақтап қалу міндетін естен шығармау;
- Мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіне азаматтардың сенімін нығайтуға атсалысу;
- Емделушілерден қаржылық немесе басқадай бопсалау фактілерінің орын алуына жол бермеу. Әріптестері тарапынан да мұндай әрекеттерді шектеу;
- Өз әрекеттерімен қоғам тарапынан сын тудырарлық жағдай жасамау. Шыдамдылық таныту. Кемшіліктерді жою және кәсіби қызметіңізді жақсарту үшін конструктивті сынға құлақ асу;

Денсаулық сақтау қызметкерлері әріптестерімен қарым-қатынаста төмендегідей ережеге бағынуы тиіс.

- Жалпы қабылданған моральды-этикалық нормаларды ұстану, сыпайылық таныту;
- Емделуші мүддесі үшін, әріптестер бір-бірінен кеңес сұраудан немесе көмек беруден бас тартпау керек;
- Басқа медицина немесе фармацевтика қызметкерінің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмеу;
- Қазақстандағы медицина дәстүрлері мен жетістіктерін арттыру.

Денсаулық сақтау қызметкері біліктілігі мен құзыреттілігіне сәйкес, азаматтардың денсаулығын сақтау және оларға ең жоғары деңгейдегі медициналық көмек көрсету үшін бар күшін салу керек.

Денсаулық сақтау қызметкері жасы, жынысы, ұлты, тұрғылықты жері, діні, әлеуметтік статусы және т.б. факторларға қарамастан кез келген адамға медициналық көмек көрсетуге міндетті;

Медицина қызметкері қолда бар ресурстарына байланысты біліктілігіне, лауазымдық нұсқаулықтарына және лауазымдық міндеттеріне сәйкес сапалы және қауіпсіз медициналық және моральдық көмек көрсетуге жауапты.

Медициналық және әлеуметтік қызметкердің қоғамдағы ролін есепке алатыра, олар қоғамдық және салауатты өмір салты насихатталатын іс-шараларды қолдап белсенді атсалысуы тиіс.

Қызметкерлердің жол беруге болмайтын әрекеттері

Денсаулық сақтау қызметкерінің білімі мен лауазымын теріс мақсатта пайдалану оның кәсіби қызметімен үйлеспейді.

Денсаулық сақтау қызметкерінің құқығы жоқ:

- Білімі мен мүмкіндігін теріс мақсатта пайдалану;
- Медициналық шараны негізсіз қолдану немесе бас тарту;
- Емделушіні жазалау мақсатында немесе үшінші адамның мүддесі үшін медициналық әдістерді пайдалану;
- Емделушіге өзінің философиялық, саяси немесе діни көзқарастарын таңу;
- Емделушіге қасақана физикалық, адамгершілік, материалдық шығын келтіруге немесе үшінші жақтың осындай шығын келтіретін әрекетіне салғырт қарауына болмайды.

Денсаулық сақтау қызметкерінің жеке теріс ұғымы мен басқа да кәсіби емес пікірі тексерілу мен емделуге өз ықпалын тигізбеуі керек. Емделуші ұсынылған ақылы медициналық қызметтен бас тартқан жағдайда, ҚР заңнамасымен бекітілген тегін медициналық көмектің сапасы, түрі немесе көлемі азаймауы керек.

Қызметкер мен емделуші арасында бір-біріне сыйлық берілмеуі керек. Себебі, басқа емделушілер тарапынан өздеріне жеткіліксіз көмек көрсетіліп жатқандай әсер қалдыруы мүмкін. Көрсетілген қызметтің өтеуі ретінде сыйлық берілмеуі және алынбауы керек. Ал қолма-қол ақша немесе құнды сыйлық беруге мүлдем жол жоқ.

Медицина қызметкері өзінің құзыреттілігі мен емделушінің эмоционалдық жағдайын пайдалана отырып, онымен қандай да бір мүліктік мәмілеге келуге, өз мүддесі үшін оның еңбегін пайдалануға, сонымен қатар бопсалаушылық пен жемқорлықпен айналысуға құқығы жоқ.

Денсаулық сақтау қызметкері пациентке емдеу курсына тағайындау кезінде қолданылатын дәрілік препараттар мен медициналық құралдар жайлы дұрыс емес, толық емес немесе бұрмаланған ақпаратты ұсынуға құқығы жоқ. Сонымен қатар, бағасы неғұрлым арзан дәрілік препараттар мен медициналық құралдардың бар екенін жасырып қалуға құқығы жоқ.

Денсаулық сақтау қызметкері дәрілік заттарды өндірушілер мен дистрибьюторлардан олардың дәрілік заттарын емделушіге тағайындағаны үшін ынталандыруды қабылдамауы керек. Медициналық мекеме аумағында компания логотипі немесе атауы бар препараттар мен медициналық құралдарды пайдалануға құқығы жоқ.

Денсаулық сақтау қызметкері қызметтік міндеттерін атқару кезінде, ақыл-есі сау болуы керек және олар тұрақты тәуелділікті тудыратын кез келген құралдың әсерінен таза болуы тиіс.

Кәсіби тәуелсіздік

Денсаулық сақтау қызметкерінің құқығы және міндеті - кәсіби тәуелсіздікті сақтау. Медицина қызметкері жаңа туылған сәби немесе қария, мүгедек, әскери қызметші, жеке тұлға немесе жоғары санаттағы басшыларға болсын медициналық көмек көрсете отырып кәсіби шешім қабылдаудың барлық жауапкершілігін қабылдайды. Сондықтан әкімшілік, емделуші немесе басқа да тұлғалар тарапынан кез келген қысымды қабылдамауға міндетті.

Денсаулық сақтау қызметкері ҚР заңнамасына, әдеп ережесіне немесе кәсіби парызына қайшы келетін кез келген заңды немесе жеке тұлғамен серіктестіктен бас тарту қажет.

Денсаулық сақтау қызметкері талдау, кеңес немесе комиссия және т.б. шараларға қатысқан кезде өз ұстанымын ашық әрі нақты жеткізуге міндетті. Ал қысым көрсетілген жағдайда заңды және қоғамдық қорғауға жүгінуге құқылы.

Денсаулық сақтау қызметкері мен емделуші арасындағы қарым-қатынас

Емделушінің ар-намысын құрметтеу.

Медициналық қызметкер емделушінің ар-намысын құрметтеуге, емделушіге және оның туыстарына мұқият әрі сабырлы қарым-қатынаста болуы керек.

Емделушіге деген дөрекі және адамгершілікке жат қарым-қатынас, медицина қызметкерінің тарапынан жақтырмау немесе үстемдік көрсетуге жол жоқ.

Медициналық және әлеуметтік көмек көрсетудің шарттары

Денсаулық сақтау қызметкері емделушінің бостандығы мен қадір-қасиетін барынша шектемей медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге міндетті.

Мүдделер қақтығысы

Емделуші мен қоғам немесе емделуші мен отбасы т.с.с мүдделер қақтығысы туындаған кезде медицина қызметкері емделуші мүддесіне басымдық беру қажет. Алайда, оны жүзеге асыру кезінде емделушіге немесе айналасындағы адамдарға тікелей шығын келтірмеуі тиіс.

Медициналық құпиялылық

Денсаулық сақтау қызметкері емделуші сеніп тапсырған барлық медициналық жеке ақпараттарды құпия сақтауға міндетті. Медицина қызметкері емделушінің немесе оның заңды өкілінің рұқсатынсыз тексеру мен емделу барысында алынған деректерді, соның ішінде медициналық көмекке жүгінгендігі туралы деректі жариялауға құқығы жоқ. Қызметкер медициналық құпияның жариялануының алдын алатын шаралар қолдануға міндетті. Тіпті емделуші қайтыс болған жағдайда да медициналық құпия сақталады. Медициналық құпия тек ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларда ғана жарияланады.

Өлім аузында жатқан емделушіге моральдық тұрғыда қолдау көрсету.

Медициналық қызметкер өлім аузында жатқан науқастың азабын барынша жеңілдету үшін қолжетімді және заңды тәсілдерді пайдалануға міндетті. Медициналық қызметкер науқастың қалауы бойынша кез келген діни конфессия қызмет етушісінің рухани қолдауын пайдалануына құқық беретінін кепілдік етуге міндетті.

Денсаулық сақтау қызметкерін таңдау

Емделуші ары қарай ем жүргізуге немесе патронажды басқа маманға сеніп тапсыруға құқылы. Денсаулық сақтау қызметкері емделуші талабына қарсы келуге құқығы жоқ.

Медициналық қызметкер қандай жағдайда пациентті басқа маманға жіберіп, онымен жұмыс істеуден бас тарта алады.

- егер тиісті көмек түрін көрсету үшін құзыреті жеткіліксіз екендігін сезінсе;
- медициналық және әлеуметтік медициналық көмек маманның қағидасына қарама қайшылық болса;
- егер емдеу және тексеру кезінде пациентпен немесе оның туыстарымен келіспеушілік туындаса.

Денсаулық сақтау қызметкерінің өзара қарым-қатынасы

Денсаулық сақтау қызметкерлерінің өзара қарым-қатынасы сыйластықтан, сенімділіктен және емделуші мүддесін қорғаудан құрылуы тиіс. Медицина қызметкері әріптестерімен өзара қарым-қатынаста адал, әділ, тілектес, тәртіпті болуға тиіс, олардың білімі мен тәжірибесіне құрметпен қарап, және де оларға риясыз өз тәжірибесі мен білімін беруге дайын болуы керек.

Басқа медициналық қызметкерлер алдында моральдік басшылық ету құқығы кәсіби біліктілік пен жоғары адамгершілік деңгейінде болуы қажет. Әріптесіне айтылған сын оған тіл тигізбейтіндей айтылуы керек. Әріптестің жеке тұлғасы емес, кәсіби әрекеттерін сынға жатқызамыз. Әріптестерінің абыройын түсіру арқылы өз беделін арттыруға және олардың жұмысы туралы емделуші мен туыстары қатысып отырған кезде жағымсыз пікір айтуға құқығы жоқ.

Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК қызметкерлерінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі қарым-қатынасының бейресми сипаты медициналық этикамен айыпталады.

Корпоративтік әдеп кодексінің қолданылу аясы, оны бұзғаны үшін жауапкершілік, оны қайта қарау тәртібі

Қазіргі уақытта Кодекс Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК аумағында барлық қызметкерлерге қатысты қолданылады.

Қызметтік әдеп бұзғаны үшін жауапқа тарту деңгейін медициналық көмек көрсетудің қызмет сапасын басқару комиссиясы және тәртіптік комиссия айқындайды.

Егер әдеп нормасымен қатар құқық нормасы да бұзылса қызметкер ҚР заңнамасына сай жауапқа тартылады.

Кодекстің жеке жағдайларын қарастыру және талқылау медициналық көмек көрсетудің қызмет сапасын басқару және кәсіподақ қызметкерлері арқылы жүзеге асады.

Кадр қызметі үшін

Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК Жаңадан келген қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар ережелерімен таныстыруды тәжірибеге енгізу.

Үлгі:

Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК еңбек келісімшартына қол қою кезінде кадр бөліміндегі инспектор Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен таныстырды.

Алматы қаласы «№4 қалалық перзентхана» ШЖҚ МКК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен және Корпоративтік этикалық кодекспен таныстым.

(Толық аты-жөні)

(колы)

(мерзімі)